

**“2021 – 2023 жылдарға арналған Жалағаш кентінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №70-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 3 наурыздағы № 3-1 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 наурызда № 8182 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 75-бабының 2-тармағына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2021 – 2023 жылдарға арналған Жалағаш кентінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 70-1 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 8043 нөмірімен тіркелген, 2021 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2021 – 2023 жылдарға арналған Жалағаш кентінің бюджеті осы шешімнің тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 328 740,4 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 73 058 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 784 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
  - трансферттер түсімдері – 254 898,4 мың теңге;
- 2) шығындар – 330 204,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
  - бюджеттік кредиттер – 0;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
  - қаржы активтерін сатып алу – 0;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;  
 қарыздар түсімі – 0;  
 қарыздарды өтеу – 0;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 464,0 мың теңге.”.

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының 3-сессиясының төрағасы

А. Бекжанов

Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Курманбаева

Жалағаш аудандық мәслихатының  
 2021 жылғы 3 наурыздағы № 3-1  
 шешіміне қосымша

Жалағаш аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №70-1  
 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Жалағаш кентінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			Кірістер	328 740,4
1			Салықтық түсімдер	73 058
	01		Табыс салығы	0
		2	Жеке табыс салығы	0
	04		Меншікке салынатын салықтар	73 058
		1	Мүлікке салынатын салықтар	400
		3	Жер салығы	1830
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	70 828
2			Салықтық емес түсімдер	784
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	784
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	784

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	254 898,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	254 898,4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	254 898,4
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама			
			Атауы	
			Шығындар	330 204,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	68 245
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	68 245
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	67 195

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	800
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	0
		053	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін басқару	250
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	55 139
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	55 139
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	55 139
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	195 044,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	195 044,4
		007	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтердің, мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2 964
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	38 277
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	16 000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	137 803,4

13			Басқалар	11 776
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 776
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	11 776
			Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 464
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3 398